

16. *Копылов И.А.* Следственная ситуация и тактическое решение. — Волгоград: Волгоград. высш. шк. милиции, 1988. — 137 с.
17. *Белкин А.Р.* Теория доказывания в уголовном судопроизводстве. — М.: Изд-во «НОРМА», 2007. — 527 с.
18. *Пакирдинов Н.М.* Использование оперативно-розыскной информации при расследовании преступлений: уголовно-процессуальные и криминалистические аспекты: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — Караганда, 2008. — 27 с.
19. *Жиренчин А.К.* Тактический риск при расследовании преступлений: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — Караганда, 2007. — 24 с.

ӘОЖ 343.97

Қылмыстану және дінтану: түйісу нүктелерін іздеу

Сыздық Б.К.

Қарағанды «Болашақ» университеті

В статье рассматриваются противоречия криминологических теорий и анализируются некоторые стороны взаимосвязи криминологических и религиозных подходов к проблеме преступности. Рассматриваются предпосылки поиска научно обоснованных ответов на эти актуальные вопросы в условиях поликонфессионального общества Казахстана. Обосновывается необходимость отечественной криминологической школы, учитывающей специфику казахстанского общества. Автор также показывает актуальность религиозных и научных воззрений в наследии Абая.

The article deals with some contradictions criminological theories. The necessity of the existence of its own Kazakh criminology and the ways of its development. The article examines some aspects of the relationship of criminological and religious approaches to the problem of crime. Preconditions search of evidence-based answers to these pressing questions in a multi-confessional society in Kazakhstan. Proves the necessity of national criminological school which takes into account the specifics of Kazakh society. And also shows the importance of religious and scientific views of the inheritance of Abai to meet the demands of modern society.

Техногендік елеулі табыстарға қол жеткізген адамзаттың гуманитарлық-әлеуметтік салада әрбір басқан қадамы күрмеулі болып отыр. Сондай күрмеулі саланың бірі — қылмыстылық проблемасы. Қылмыстылық қоғамның қатты алаңдаушылығын, тіпті, үрейін туғызып отырған мәселе болып танылады. Қылмыстылық үдерістерінің жағымсыз үрдістері, оның аса қауіпті түрлері мен нысандары, әсіресе ұйымдасқан қылмыстылық, трансұлттық қылмыстық ұйымдар және т. б. туралы мәліметтер қорқыныш туғызарлық ауанда заманауи ақпараттық құралдар мен тетіктер арқылы кез келген адамның миына күн сайын, сағат сайын құйылуда. Соған сәйкес жеке адам, қоғам, мемлекеттік құрылымдар қажетті іс-қимылдың стратегиясы мен тактикасын жасауға міндетті сезінеді және солай істейді де.

Шынтуайтында, қылмыстылық соншалықты қорқынышты «құбыжық» па? Оның басқа «құбыжықтардан» айырмашылығы неде? Ол өзі бар ма? Бар болса, неге ұстатпайды? Міне, заманауи қылмыстанушылар қазір осындай сауалдарды тауып алды. Бір қарағанда әдеттен тыс көрінетін болғанымен, бұл және осы тақылеттес сауалдар объективті. Оларға жауап табылмай қылмыстылыққа қарсы тұру, одан қорғану, оның алдын алу тиімді болмайды деп пайымдаймыз.

Қылмыстылыққа әсер ету жөніндегі ғылыми-тәжірибелік ұсыныстардың қарама-қайшылықты болып отырғаны сондықтан болар. Ғалымдардың бір тобы қылмыстылықпен күресте қолданыстағы заңнама либерализм сырқатына ұшыраған деп есептеп, қылмыстық саясатты қаталдатуды жақтаса, екінші бір тобы бұған керісінше, қылмыстылықтың қауіптілігінің жоғарылығы туралы қоғамдық пікір мен кейбір айтылып жүрген ойлар шындыққа жанаспайды деп санап, сондықтан криминалистік заңнаманы тереңірек гуманизациялау бағытын негіздейді. Үшінші топ ғалымдар жоғарыда аталған диаметралды қайшыласқан пікірлерден тәуелсіз, өздерінің зерттеушілік қызығушылығына орай тандаған мәселелер ауанында қолданыстағы заңнаманы «косметикалық әрлеу» жөнінде іс жүзінде пайдасыз ұсыныстар жасаумен айналысуда. Бұл — қылмыстану ғылымы мен тәжірибесінің шынайы өмірден алшақтағанының, яғни дағдарысқа ұшырағанының, анық белгісі. Бүгінгі күні қылмыстану

позитивтік жауаптар саласынан шексіз сауалдар майданына айналған. Ол өз сауалдарына өзі жауап беруге қабілетті ме?

Қылмыстылық болмыснамасын шешуді өзінің басты танымдық мұраты ретінде алған қылмыстану ғылымының тоқырауының, өзінің көздеген мақсаттарына жете алмауының бірнеше себебі бар. Біріншіден, қылмыстану қылмыстық-құқықтық заңнамалық шырмаудан шыға алмады. Өзінің басты пәнін зерттеуде оның тек формалдық заңи қырларына ғана көңіл бөлді. Екіншіден, қылмыстанудың қылмыстылық болмыснамасын тануда танымның орта деңгейінде тұрған аралық ғылымдармен ғана әрекеттесуі оны (қылмыстануды) өзінің зерттеу мұратының қажетті биігіне шығармады. Үшіншіден, қылмыстану қылмыстылықтың болмыснамасын тануға материалистік тұрғыдан ғана келіп, өзгеше көзқарастарды, оның ішінде адам табиғатының бірнеше өрістен тұратын күрделі құрылысын ескермеді. Қылмыстылық болмыснамасын тануда субъектінің, яғни оның «авторының» («иесінің», «жауапкерінің») — адамның, мәні мен рөлі кішірейтіліп, қарабайырланып, біржақты, ол әлеуметтік ортада қарекет ететін биологиялық (тәни, жани өрістер) сүриет (существо) ретінде ғана танылды.

Дәл өлшемдерге сүйенген, Жоғары Принциптің барлығына сенбейтін, тек көзбен көріп, құлақпен естігенге ғана сенетін «дәлелді ғылым» («дәлелді медицина» деген сияқты. — Б.С.) адамның тән мен жаннан басқа, рухы, руханият дүниесі (өрісі) бар екеніне тиісті «дәлел» таппағаны себепті, оны жоққа шығарумен келеді.

Міне, осы және тағы басқа да себептер қылмыстануды өзінің таным нысанын толығырақ, оның табиғаты мен мәні тұрғысынан тануға мүмкіндік бермейтін қысқа өреде, яғни әдіснамалық бұғауда, ұстап отыр. Ал қылмыстылық болмыснамасын ашу үшін адамның рухына, руханият өрісіне тереңдей үңілу қажет. Қылмыстылықтың табиғатын, мәнін, себептерін әлеуметтік ортаның түрлі деңгейінен немесе адамның психологиясынан іздеу бізді өнімсіз қу тақырды шиырлауға мәжбүр етеді. Әрине, бұл екеуіне қатысты факторлардың қылмыстылықпен тығыз байланысы бар.

Мәселе мынада, қандай қолайсыз әлеуметтік орта қоршамасын (мысалы, социализм, капитализм), адамдардың бәрі бірдей қылмыс жасай бермейді. Оларды осы бір әрекеттен ұстап тұратын қылмыстектілікке кері әлеует бар. Сталиндік, гитлерлік режимдерде, концлагерлердегі азапты жағдайларда адамдарды адамдығынан айыртпаған не нәрсе? Егер олай болса, онда осы әлеуеттің өзегі неде? Бұған керісінше, қандай ізгілікті әлеуметтік орта болса да, ол қоғамда жамандықтың (қылмыстылықтың) да көрініс беретіні шындық. Яғни жақсылықтың өзінде адамдар өзін жаман жағынан көрсете алады. Ол жамандықтың тамыры неде? Қарама-қайшылықтардың бірлігі қағидатына сәйкес, осы сұрақтарға жауапты бір жерден іздеу керек шығар... Абай айтқандай, «жақсылық та, жамандық та өзіңнен».

Демек, қылмыстылық болмыснамасының құпиясын әлеуметтік ортадан іздеу дұрыс емес. Әлеуметтік ортаның өзін адамдар құрайды, адамдар жасайды, өзгертеді. Яғни әлеуметтік орта заңдылықтары екіншілік (вторичный) сипатта. Ал психологияға келсек, оның негізінде қылмыстылықтың бірнеше теориясы жасалғанымен, оларды толымды деуге болмайды.

Сонымен, әлеуметтік орта мен адам психологиясы, шынтуайтында, қылмыстылық болмыснамасының онтологиясына үңілуге мүмкіндік бермейді. Оларды екінті факторлар деуге болады.

Ендігі назарды адамның рух өрісіне, рухани дүниесіне аударуды жөн көретін қатар көбейіп келеді. Өз кезегінде рух, руханият дүниесі дінтанудың шекарасында жатқан дүниелер болғандықтан, позитивтік ғылымның назарына лайықты емес деп танылып келді және біз әлі де сол үрдістің сақталуына куә болып отырмыз.

Ал бүгінгі күні адамның үшінші өрісі — рух дүниесі, руханият әлемі қазіргі заманауи көзқарастар тұрғысынан ашық айтуға болатын тақырыпқа айналды. Оның өзінде, осы салада Батыс пен Шығыс негізгі категорияларды тануда әр түрлі ұстанымдарға жүгінеді, алуан түрлі тұғырларға сүйенеді. Батыстық негіздегі жаратылыстану ғылымдары қаншалықты дамып, ғаламдық маңызды жаңалықтар ашқанымен, дүние өз құпиясы ашуға асығар емес. Рух пен руханият көбіне метафора, мүлде дерексіз және адам болмысынан ажыраған, тұрмысқа (әлеуметтік-экономикалық ортаға) тәуелді категориялар ретінде қолданылады. Алайда бүгінгі ғылым мен білімнің, қоғамның, жалпы әлемнің дағдарысты күйінен шығу осы мәселелерге түбегейлі бетбұрыс жасау арқылы ғана мүмкін болмақтығы күн өткен сайын айқындала түсуде. Сондықтан ғылым, оның ішінде қылмыстану да бар, жаңаша бір әдістердің көмегімен өзінің дағдарысты жолынан шығуды ойластыруы керек. Ол үшін танымның көкжиегін кеңейтетін деңгейге көтеріліп «ғылым, философия, дін» үштігінің бірігуіне қол жеткізген жөн. Біздің ойымызша, бұл үшеуі де дүниетанымның үш түрлі нысаны, тек әр түрлі тілде,

әр түрлі координаттар жүйесінде сөйлейді. Яғни үшеуі бірінің айтқанын бірі терістеу арқылы емес, бірін-бірі толықтыру арқылы таным көкжиегін кеңейтуге қол жеткізуі тиіс.

Әсіресе қылмыстану және дінтану арасындағы өзара байланыстар, түйісуі және алшақтау нүктелері бүгінгі күн тұрғысынан да, жалпы қылмыстанудың даму келешегі тұрғысынан да өте өзекті мәселелер болып табылады деп пайымдаймыз.

Адамзат баласына үшінші мыңжылдықтың табалдырығын аттауға мүмкіндік берген ХХІ ғасырдың бұрынғы өткен замандардан қордаланып қалған мәселелерді шешуге қабілеті жетер ме екен?! Бастауында ма, әлде одан кейін бе, әйтеуір бір кезде тұтастық бірлікте болған «сенім — таным — білім» келесі бір заманда адам дүниетанымының жарықшақтануы нәтижесінде дін, философия, ғылым болып бөлінсе, олар қазіргі заманға одан әрі қарай қаншама бағыттарға, мектептерге, салаларға бөлшектеліп жетті.

Алайда бір ғажабы — әрбір салада қаншалықты ілгерлеу болды десек те, тұтастай алғанда адамзат бір орнында тұрғаны айқындалуда. Жаһандану үдерістерінің асау толқындарының құшағына түскен замананың сұраныстарын жеке-жеке алғанда ғылым да, философия да, дін де қанағаттандыра алмауда. Олардың әрқайсысының түрлі саласының өзінің тірелген тығырлықты мәселелері бар. Бұлар өзінің жиынтығында қоғамның, адамзаттың, адам дамуының дағдарысын құрайды. Ал, ол туралы аз айтылып жүрген жоқ.

Осы дағдарыстан шығудың жолы ретінде Кен Уилбер «интегралдық сананы» [1] ұсынса, Г.А. Югай енді одан да ауқымды ұғым болатын Жаратылыстың голографиясының әмбебап философиясын ұсынады. Үш өлшемдік голографиялық қағидатқа сүйене отырып, Г.А. Югай метафизиканы үш түрлі түсінеді: 1) санадан тысқарылық мағынасындағы асқынфизикалық, яғни физикадан кейінгі нәрсенің (Аристотель бойынша) аржақтылығы мағынасында; 2) дүние тұтас нәрсе ретінде; 3) болмыстық және жалпы шекті негіз туралы ілім. Содан келіп, ол қағидаттардың жалпы жүйесі негізінде құрастырылған тұтас дүниені — универсумды метафизикалық тану осы әмбебап философияның пәні болады деп пайымдайды. Материя мен рухты қарама-қарсылықта қарастыратын диалектика Универсумның тұтастығын зерттеуді метафизикаға өз еркімен береді. Голографияның дамуына байланысты материалдық және идеалдық арасындағы шек едәуір жойылады, өйткені олар әр түрлі құбылыстар емес, бір құбылыстың екі жағы екен. Материя мен рух дегеніміз — бір нәрсе, өйткені сана дегеніміз — Жаратылыстағы барлық нәрсеге жан беретін нәзік материя дей келе, Г.А. Югай заманауи ғылымның нағыз (сущее), бейсана, рух, баршаның бірлігі, ақпарат, түйсік, еуразиялық, сенім, ерік, үн, құндылық, мағына, арийлік және басқа да «классикалық емес», бақыланбайтын, асқын сезімдік қасиеттермен, виртуалдық құбылыстармен өзара әрекеттесуге жиі түсетінін айтады [2].

Міне, осы дүниетанымды негізге алып, өзіндік дағдарысты бастан кешіп отырған қылмыстану ғылымын да орнынан қозғауға болады деп пайымдаймыз.

Қылмыстанудың негізгі зерттеу нысанасы — қылмыстылық жөнінде жинақталған танымдық және теориялық материалдар ол туралы нақты тұжырымды көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік бермей отырғаны бүгінгі күннің шындығы. Қылмыстылық және оның себептері көптеген көзқарастар тұрғысынан зерттеліп келе жатқанымен олардың әлі күнге дейін жан-жақты, толымды, ортақ теориясы жасалған жоқ.

Сондықтан осы бір дағдарыстық жағдайдан шығу үшін қылмыстанушылар дәстүрлі зерттеу шеңберін кеңейтіп, әсіресе руханият дүниесіне ерекше назар аудара бастады. Бүгінгі күні ресейлік қылмыстанымдық әдебиетте жанды, рухты, руханиятты (адамның жандық қуатын) шынайы бар әрі қылмыстанымдық маңызға ие құбылыстар ретінде зерделеу қажеттігі айтылып жүр [3].

Сол мақсатта құрылған қылмыстанушылардың түрлі қауымдастықтары бұрынғыдай тар тұғырда емес, кең де, алуан түрлі дүниетанымдық негізде жұмыс істеуде. Мәселен, Санкт-Петербург қылмыстану клубына қатысушылардың көпшілігі ресейлік қылмыстанушылардың теориялық ізденістерін бұғаулаған «марксистік-лениндік инфекциясы бар өлімші идеяларды» мүлде қабылдамау тұғырында бас біріктіріп отыр [4], ал мұның өзі, В.А. Бачининнің пікірінше, қылмыстану кеңестік ауыр мұрадан азаттық алып, әрекет етер интеллектуалдық кеңістікке шыққанын білдіреді» [5].

Тағы бір жерде В.А. Бачинин: «Барша әлемнің гуманитарийлары куә болған постмодерн заманының келуі модерннің екі ғасырлықтай дискурсында орын тепкен секулярлық идеялардың, тұжырымдамалардың, доктриналардың абсолюттік көпшілігі өздерінің эвристикалық мүмкіндіктерін көзге көрінердей тауысып үлгергенін көрсетеді. Бұл теориялық ойды өзінің негіздемелерін іздеуде болмыстың натуралистік, антропологиялық немесе әлеуметтік нысандарына ғана емес, сонымен бірге

оның сакралды, трансценденттік (*санадан тысқарғы*. — Б.С.) ілкі негіздеріне де назар аударуға мәжбүрлейді» [6; 184], — дейді.

Одан әрі ол постмодерн дәуірінде ғылым мен дін, дүние туралы білім мен Құдай туралы білім (Құдайтану) бір-біріне қарай жүрді дейді. Ол Библияда бар рухани тәжірибеге қылмыстанудың назар аударуын белгілі дәрежеде қажетті және болмай қоймайтын құбылыс ретінде мойындайды. Оның көзқарастарына сәйкес қылмыстың қылмыстанымдық пайымдауларын қылмыстың діни-құдайтанымдық пайымдауларынан бөлмеу керек [6; 185].

Дегенмен рухани бостандық кеңістігінің ашылғанын ұғына отырып, ресейлік қылмыстанымдық сана негізінен секулярлық сипатта қалып отыр. Оның себебі де түсінікті, өйткені олардың жетістіктеріне сүйенбеу мүмкін емес болып табылатын әлемдік қылмыстанудың танымал классиктерінің еңбектері, тұтастай алғанда батыстық қылмыстанымдық ой-сана іс жүзінде теологиямен байланысты емес. Дегенмен, ресейлік қылмыстанушылардың ішінде Л.Г. Касторский [7], О.В. Старков пен Л.Д. Башкатов [8] сияқты ғалымдар қылмыстанымдық білімнің діни-теологиялық қырларын елемеу тәжірибесін оңтайлы деп санамайтындар қатарына жатады. Негізі, В.А.Бачининнің ойынша, басымдық алып отырған секулярлық таптаурындар ауанында қылмыстың табиғаты туралы библиялық келтірімдерді ғалым-қылмыстанушылардың көпшілігі архаизм деп санайды.

Өзінің эвристикалық үлесінің көп бөлігінен айрылған позитивистік және психоаналитикалық схемалардың шегінен қылмыстануды шығару қажеттігі сөз болғанда ғалымдар (батыстық) заманауи тұжырымдамалық үлгілердің библиялық негіздері жөнінде еске алады. Талдаушылар қылмыс пен қылмыстылықтың мәніне қатысты түрлі тұжырымдамалық көзқарастардың негізінде жатқан әмбебап семантикалық (мағыналық), аксиологиялық (құндылықтық) және нормативтік құрылымдарға жүгінуге тырысқан кезде де осы мәселеге қызығушылық туындайды.

Әрине, батыстық әдебиетте әлемдік діндердің арасында христиандыққа, буддизмге, индуизмге тұңғыштыуылғандық құқығы таңылады әрі осы негізде қайсыбір басымдық беріледі, ал ислам екінші орынға ысырылады әрі жасамаздық ілгерлеуде тіптен мардымсыз рөл қалдырылады. Алайда оған лаңкестік пен содырлықтың себептері мен алғы шарттарын зерделеу ауанында ерекше назар аударылады [9].

Алайда еуропалық ғалымдардың бәрі де қылмыстылық тәрізді қиратушылық (деструктивтік) қылықтың пайда болуы мен өсуіндегі исламның рөлін біржақты түсінеді деп айтуға болмайды.

Өзін бірыңғай жалпыәлемдік ғылыми тілдің жақтаушысы, жалпыға бірдей ғылыми дүниетаным негізінде «әлеуметтік әлемнің қосылуын» жақтаушы деп санайтын С.Г. Ольковтың зерттеулеріне сүйенсек, діни нормалар әлеуметтік-сырқаттық (*әлеуметтік-патологиялық*. — Б.С.) қылықтың функциясының салмақты дәлелі болып қызмет етеді. Математикалық сенімді әдісті — көптеген жалған (*кейде жасанды деп атайды*. — С.О.) айнымалыларды енгізе отырып, көптік регрессивтік талдау әдісін қолдана отырып, өзінің қиратушы қылықтың себептерін зерттеулерінде ол әзірге «қылмыстылық» деп аталып жүрген ғажайыпты жасау ісіне қандай діни бағыттардың шешуші үлес қосатынын көрсетуге тырысқан. Ол қылмыстылық деңгейін нәтижелік белгі ретінде алып, ал теңдеудің оң жағында факторлық белгілер ретінде нақты діндерді келтірген. Оның үстіне теңдеудің оң жағына экономикалық фактор — АҚШ долларымен есептелген жан басына шаққандағы халықтың табысы енгізілген. Сөйтіп, ол түрлі мәдениеттер бойынша мәліметтердің бір кезеңге, атап айтқанда, 1996 жылға қатысты «кеңістіктік талдауын» жүргізген. Талдау планетаның 177 мемлекетін қамтыған. С.Г. Ольковтың сендіруінше зерттеу нәтижесінде христиандықтың католицизм, протестантизм, лютерандық, жалпы оның басқа да бағыттарының жоғары аурутуғызушылық компоненті бар екені анықталған. Бұл тұрғыдан келгенде осы тұрпаттас әлеуметтік патологияның жоғары коэффициентін православие да бергенімен, христиандықтың барлық бағыттарының арасында неғұрлым қауіпсіз сол болып шыққан. Исламның агрессивтігі азырақ көрінген. Аталмыш тұрпаттағы патологиялық өте төмен әсер буддизмде, индуизмде, конфуцийлықта, даосизмде және ертеректегі түрлі дәстүрлі нанушылықтарда байқалған.

Бұдан ары қарай ол қылмыстық өлтірулер бойынша әлемдегі рекордты католиктік елдер жасайтынын айтады. Оның мәлімдеуінше, қылмыстылықтың ең жоғары коэффициенттері православтық елдерді қоспағанда тек қана христиандық елдерге келеді. Және бұған, керісінше, қылмыстылықтың коэффициенті ең төменгі елдер арасында христиандық елдердің ешбірі, православтық елдерді қоса алғанда көрінбейді [10; 65, 66].

Сонымен, жоғарыда айтылғандар негізінде біздің бірінші көретініміз мынау: қиратушы қылыққа діннің, әсіресе исламның рөлі туралы қылмыстанушылардың көзқарастары жай ғана қайшылықты

емес, мүлде кереғар болып келетіні. Мәселе, осы көзқарастардың қайсысы біздің жанымызға жағатынында, қайсысының біздің көңілімізге ұнамсыздығында емес. Ғылыми-зерттеушілік мүлде тұрғысынан келгенде біз қандай да бір біржақтылықтан, сынарезуліктен ада болуымыз керек екені түсінікті. Бір көзқарастың (С.Г. Ольковтың) тұғыры формулалармен қаланғанында, ал екіншісінің, біздің ойымызша, «таза» ақылдың негізінде қалыптасып жұртқа ұсынылғанында.

Профессор А.И. Долгова өзінің бір сөзінде қылмыстылықпен күресті таза ақылды қолға алып жүргізуге болмайтынын баса айтып еді. Сол көзқарасын жазба еңбектерінде де қайталап келеді. Мұның дау тудырмайтын тұжырым екені айқын.

С.Г. Ольков адам қылығына ықпал ететін факторлардың үш тобын көрсетеді: а) ғарыштық-жерлік ортаның күштерінің тобы; б) шартсыз биологиялық күштердің жиынтығы (тыныс алу, тамақтану, көбею және с. с.); в) **нақты мәдениеттің, моральдық және құқықтық нормалардың, аңсарлар мен өзге құндылықтардың, ұят әсері — бұрынғы үйретулердің (дрессировкалардың), мемлекеттік мәжбүрлеу мен қоғамдық күштеудің (бөліп көрсеткен біз. — Б.С.)** ықпалын қоса алғандағы әлеуметтік факторлардың жиынтығы [8; 63]. Солардың арасында шешуші рөлді ол әлеуметтік факторларға береді.

Әділін айтсақ, бізге ұнағаны және майлы әріппен бөліп көрсетуге итермелегені әлеуметтік факторларға нелерді жатқызғаны. Оларды осындай үйлесімдікте «әлеуметтік-рухани факторлар» деп атаған жөн болар еді. Экономика да, баршылық та немесе мұқтаждық та өздігінен әлеуметтік қиратушылықтың себебі бола алмайды. Біздің ойымызша, аталмыш себептер мен олардың уытын қайтаратын қарсы уды бірінші кезекте әлеуметтік-рухани факторлар арасынан іздеген жөн.

«Қиратушы мәдениет типтері ғана түрмені, сотты және сотшылықты жасайды. Олар осы қоғамның қиратушылық (*деструктивтік*. — Б.С.), талқандаушылық күштерін өсіреді де оны өлімге желіктіре түседі. Фашизм, сталинизм, маоизм... осының бәрі заманымыздың мәйітқұмар меніреу мәдениеттерінің реңктері және біз салыстырмалы түрде сау адамның психиатриялық клиникаға ұқсайтын қоғамға түскенде ол осында тұратын басым көпшіліктен «қалыпты садистер мен шизофрениктерден» өзінің өзгешелігін ауытқу санауы орын болатын, қалыптылықтың патологиясы дегенді біз жиі бақылаймыз... Жақсылық пен әділдікке, бостандыққа деген ең жақсы ниеттердің жетегімен адамдар бірін-бірі аяусыз қырады, түрмелер мен концентрациялық лагерлер салады, қорғаныс қуатын нығайтады, Жердегі өмірді лезде жоюға қабілетті аса қуатты қарулар жасайды» [8; 67, 68]. — деп жазады С.Г. Ольков.

Қиратушылық қылықтың себептері туралы айта келіп, ол: «Адамның жамандығы оның биологиялық табиғатынан емес. Оның қиратушы болып қалыптасуы орынсыз қоғамдық тәрбиенің салдары. Ол тәрбие адам тегінің өкілдерінің онтогенезінде (*жеке даралық тарихындағы*. — С. О.) туындайтын ең басында шартты рефлексдер жүйесі болып табылады. Одан бөлек ештеме емес. Бұл шартты рефлексдер бізден сыртқары бір жерде емес, біздің орталық жүйке жүйемізде орналасады. Олар сонда шартсыз рефлексдермен өзара байланысты түтіктер қағидаты бойынша, немесе ажыратылымдық қағидаты бойынша (бір бірліктің сәл өзгерісі басқалардың өзгерісіне әкеледі), өзара әрекеттеседі. Сөйтіп, адам тегінің эволюциялық келешегі тұрғысынан келгенде онша кінәратсыз емес моральдық-имандылық нормалары өмірдің бастапқы инстинктерінің динамикасын құрсаулап тастауы, психикалық, психосоматикалық, соматикалық және қоғамдық аурулар туғызуы мүмкін, мотивацияға ғана емес, сонымен бірге мутациялық үдерістерге, адамзаттың генетикалық келешегіне ықпал етеді» [10; 70], — дейді.

Өзінің діни көзқарастарға деген немқұрайды қатынасын жасырмай, С.Г. Ольков А.Л. Чижевскийдің христиандық, ислам және басқа да діни бағыттарды психопатиялық эпидемия деп атағаны кездейсоқ емес дегенін [11] көрсетеді. Содан соң ол құқықтанушылардың әлеуметтік-аурулық қылықтың бір бөлігін «қылмыстылық» (*мүмкін, қылмыскерлік*. — Б. С.) деген діни терминмен атауға тырысатынын айтады [10; 69].

Осы жерде Д.А. Шестаковтың: «Қылмыс қылмыс ретінде билік тұтқасын ұстаушылардың «тыйым туралы келісушілігіне», тыйымды заңда бекіткеніне тәуелсіз өмір сүреді... Қылмыстардың шеңберін әлемдік діндер белгілеп берген (қылмыстың қылмыстанымдық түсінігі)» [12], — деген пікірін келтіре кету орынды.

Егер С.Г. Ольковтың тұғыры жалпы дінге деген өзіндік қатынаспен өзгешеленсе, Д.А. Шестаковтың табаны сөзсіз құдайшылдық топырақта тұр.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде қылмыстану ғылымы алдында қазіргі таңда тұрған проблемалардың бір парасы қылмыстану және дінтану арасындағы байланыстарды, олардың тоғысу және алшақтау нүктелерін зерделеу болып табылатынын тұжырымдаймыз.

Әлемдік қылмыстанымдық ой иелерінің шамасы жетпеген проблемалар түйінін жуық арада тарқату мүмкіндігін әзірге көре алмасақ та, біздің ойымызша, осылардың төңірегінде ойлануды, ғылыми-зерттеу проблематикасы ретінде «илеуді бастауды» қазақстандық қылмыстану ғылымы алдына міндет етіп қоятын кез жетті.

Онсыз қылмыстық құқық та, қылмыстану ғылымы да, құқыққолдану тәжірибесі мен қылмыстық саясат та таптаурын болған тар соқпақтан шықпай, шеңбер бойын шиырлай беретін болады.

Әзірге айтарымыз, шынында да, қылмыс ұғымының да, қылмыстылық ұғымының да анықтамалары негізінде қайсыбір имандылық өлшемі болуы тиіс. Ол өлшем жалпы алғанда объективті бар, тек біз, заңгерлер, оны мойындағымыз келмейтіндей. Олай етсек, зерттеуіміздің әлде құмарлығымыздың пәнін алыстатып алатындай болады. Имандылық өлшемі алғаш қарағанда тұрлаусыз, ғылыми емес сияқты болып көрінеді.

Олай болса заңи өлшемдердің имандылық өлшемдерінсіз ештеме болмай қалатынын айту керек. Расында да ауытқушы қылықтарды қылмыстандыру мен бейқылмыстандыруға қатысты заңи өлшемдердің кейде адам түсінбестей күрт өзгеретін кездеріне жиі жолығамыз ғой. Бұдай болуы, бәлкім, заңи өлшемдердің өздері соншалықты сенімді емес болғандығында шығар.

Қылмыстанымдық ойдың заман ағымына ілесіп ілгерлеп отыруы өмірлік қажеттілік. Еуразиялық құрлықтың кіндігінде орналасып, кең байтақ кеңістікте планетарлық мүдделер тоғысында жатқан діни алуандық пен этникалық алуандық болмысы бар біздің еліміз үшін бұл проблемалар өте өзекті болып табылады. Олар қоғамдық-гуманитарлық, әсіресе қылмыстану ғылымы тарапынан аса шұқшиып қарайтындай маңызға ие.

Қазақстан әлем діндерінің және дәстүрлі діни бағыттардың жетекшілерінің үш рет Астанада бас қосуына мұрындық болды. Бұл Қазақстанның жаһандық мәселелерді диалог арқылы шешуге ұмтылысының бірегей көрінісі. Дегенмен осы бір маңызды руханият саласында қалың бұқара үшін ілгерілеу үдерістері жергілікті ауқымда да қарқын алды десек, қателескен болар едік. Дін мен зайырлы қоғам арасында әлі де өзара жатырқаушылық, бірін-бірі жатсынушылық құбылыстары орын алып тұр. Бұл құбылыстарды зерттеу керектігі даусыз. Көршілес Ресейде бұл бағытта бірқатар алға жылжу бар деуге болады. Дегенмен, ресейлік зерттеулерді біздің елге тікелей көшіре салуға болмайды. Өйткені ресейлік қоғамның, ғалымдардың өзіндік фобиялары, таптаурынды ұстанымдары бар екені шындық. Және ең бастысы, Ресей мен біздің еліміздегі діни-қоғамдық ахуал бір-бірінен едәуір өзгешеленеді.

Алайда, біздің ойымызша, бұл дүниелер қазақстандық топырақта әзірге нақты қылмыстанымдық зерттеулердің пәніне айналған жоқ. Біз біршама артта қалып отырмыз. Бұл олқылықты дер кезінде жоюға ұмтылмаса, ол жағымсыз салдарларға ұрындыруы мүмкін. Діни тәрбие мен діни төзімділіктің маңыздылығы, рухани кемелдену туралы жекелеген үндеулердің нақты ғылыми негізі жеткілікті емес. Ал «таза ақыл мен батыл қол» саясаты қылмыстылық сияқты тылсымы мол құбылыспен күресте түбегейлі оң нәтиже бере алмайды.

Сондықтан С.Г. Ольковтың қылмыстанудың ғана емес, сонымен бірге жалпы юриспруденцияның және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың (экономикалық ғылымды қоспағанда) ғылым деп аталуға хақы жоқ, өйткені бұл ғылымдар зерттеудің математикалық әдістерін қолданбайды, өздерінің ұғымдарын формалды белгілермен шегендемейді деген сыни пікірін де ескеру керек.

Сонымен бірге математикалық әдістердің де жарамсыз болатын зерттеу алаңдары бер екендігін, Универсумды тануда ол бірден-бір жалғыз әдіс еместігін дәйектейтін көзқарастардың да бар екендігін естен шығармау керек.

Қалай десек те, бүгінгі күні қылмыстануға, ол зерделейтін құбылыстарға қойылатын талаптар күшті. Өйткені осы құбылыстар адами дамудың келешегін айқындауда өте маңызды рөл атқарады. Сондықтан қылмыстану өзінің барша субъективтілігіне қарамастан, объективті таным шекарасын сақтауы қажет. Шын мәнінде қылмыстану бүгінгі күннің басым саяси тұғырларына бағынышты болмауы керек, сондай-ақ қайсыбір дінге бүйрегі бұратындай әуелден анықталған сынаржақтылықтан тысқары болуы тиіс. Алайда оның имандылық және ғылыми қазықтары (координаттары) нық қағылған болуы керек. Имандылық координатасы зерттеушіні адалдық, турашылдық қазығына мықтап байласа, ғылыми координата дәлдіктен ауытқытпауы тиіс.

Әзірге біз зерделейтін, оқытатын қылмыстануда ондай координаталар жоқ. Сонымен, өзінің сенімді координаталарын таппаған қылмыстану әр алуан ағыстардың иірімінен шығатын тірек таба

алмай жүр. Қылмыстанымдық ілімдердің мұндай жағдайында «қылмыстану кемесі» ашық теңізге шығар жолды таба алмай, су асты жартастарға төсімен соғылуда деуге болады.

Қорыта келгенде, біз қылмыстылық болмыснамасын зерделеуде материалистік көзқарастардың деңгейі мен аясының шектеулілігіне назар аударып, соған сәйкес кең дүниетанымның қажеттілігін негіздеуді және қылмыстылық проблемасын шешуде руханият дүниесінің өзіндік орнын айқындауды көздейміз.

Осы бағытта төмендегі тұжырымдар мен ұсыныстарды жөн көреміз:

- қылмыстану ғылымының дағдарысты күйі мойындалып, оның өзінің тар материалистік, әсіресе әлеуметтанымдық әдіснамалық тұғырынан жоғары деңгейге көтеріліп, ары қарай кең интеллектуалдық және дүниетанымдық негізде жаңаша дамуына қажетті алғы шарттар жасалуы тиіс;
- қылмыстану өзінің зерттеушілік әлеуетін бірінші кезекте адам табиғатының рухани өрісінің қылмыстекті қасиеттері мен оған кері әлеуетін зерделеуге бағыттауы қажет;
- қоғамның қылмыстектілікке кері әлеуетінің өзегін қоғамның материалдық болмысынан емес, бірінші кезекте адам мен әлеуметтің рухани өрісінен іздеу қажет. Тұлғаның қалыптасуының, дамуының, тоқырауының, түзелуінің рухани факторлары басқа факторларға қарағанда қайсыбір басымдыққа ие, сондықтан қоғам мен адамның рухани ілгерлеуіне қажетті алғы шарттар материалдық-технологиялық ілгерлеудің тасасында қалмауы тиіс;
- бүгінгі күні «жаза дағдарысы» деп жүргеніміз шындығында «қылмыс — қылмыстық жауапкершілік — жаза» тұжырымдамасына негізделген қылмыстық құқықтың дағдарысы болып табылады. Ол қылмыстық құқықтың дәстүрлі тұғырнамасының заманауи қоғам талаптарына тарлық ететінін айғақтайды. Қылмыстық құқық заманауи өркениетті қоғам талаптарына сай бейімделуі және өзінің адам мен қоғам өміріне араласу өрісін шектеуі керек;
- қылмыстану ғылымының келешегі оның зерттеу өрісіне қатысты құбылыстар мен үдерістердің, факторлар мен қасиеттердің келеңсіз қырын басты назарда ұстағаннан гөрі осыларға кері әсер ететін әлеуетке ие жағымды қырларын алдыңғы кезекте қарастыруына әрі оларды ұтымды пайдалану қажеттілігі мен мүмкіндігін тәжірибелік кеңістікке қаншалықты шығара алатынына байланысты. Яғни қазіргі сыни, келеңсіз құбылыстар қылмыстанымына бәсекелес балама ретінде жағымды әлеуеттер қылмыстанымы қалыптастырылуы тиіс;
- қылмыстанудың заманауи жаңаша теориясын жасаумен қатар, оның тәжірибелік-қолданбалы қырларын дамытуға, яғни адамның, қоғамның (оның жекелеген институттарының) және мемлекеттің қылмыстектілікке кері әлеуетінің тиімділігін арттыруға, профилактикалық қызмет сұраныстарын қанағаттандыратын қырларын ашуға, назар аудару қажет;
- қазақстандық шындықты, ондағы күрделі әлеуметтік-рухани, саяси-экономикалық үдерістердің қылмыстекті факторларын өзіндік тұрғыдан зерделейтін отандық қылмыстану мектебін қалыптастыру қажет, ол үшін:
- Республикалық (немесе Орталық Азия елдерімен бірлесіп — аймақтық) қылмыстанымдық ғылыми-зерттеу институтын, республика өңірлерінде оның бөлімшелерін құру, оның негізінде ұзақ мерзімдік қылмыстанымдық және құрбантанымдық зерттеулер ұйымдастыру, институттың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін арнайы ғылыми басылымда жариялап отыру;
- Азия, Америка және Еуропа елдерінің қылмыстанымдық орталықтарымен, ұйымдарымен тұрақты әріптестік орнату, оның аясында мамандар және әдебиет алмасуды жүзеге асыру;
- шетелдік қылмыстанымдық әдебиеттің тұрақты жеткізілуі мен аудармасын қамтамасыз ету; мемлекеттік тапсырыс негізінде қазақстандық мазмұны жоғары толыққанды қылмыстану оқулықтарын даярлау;
- қылмыстанымдық біліктілікті жоғары дәрежеде қалыптастыратын мамандандырылған оқу орталықтарын, факультеттер немесе маманданушылық топтарын құру, осы мақсатта арнайы білім стандарттарын жасау;
- гуманитарлық, медициналық оқу орындарында педагог, әлеуметтанушы, дәрігер, әлеуметтік қызметкер, психолог, басқарушы мамандықтарын алушыларға қылмыстанымдық білім беруді жолға қою;
- құқыққорғау органдарының қызметкерлерінің, судьялардың және т. б. тиісті мамандардың қылмыстанымдық қайта оқуларын ұйымдастыру; олардың теологиялық даярлықтарын күшейту;

– профилактика саласына қатысты мамандардың қылмыстанымдық қайта даярлау жүйесін жасақтау қажет.

Заманауи қылмыстық құқықтың шетелдік тәжірибемен (негізінен басым түрде Батыс елдерінің тәжірибесімен) байланыстырылатын жаңашылдық бағыттары мен қырларын ұлттық рухани-имандылық бастаулармен ұштастыру қажеттілігі тәуелсіз, егемен мемлекет құрып отырған азат сананың табиғи сұранысы болып табылады.

ҚР қолданыстағы қылмыстық және қылмыстанымдық заңнамасының рухани-имандылық, саяси-идеологиялық мәні мен әлеуеті оның утилитарлық маңызының тасасында қалып, қазақстандық қоғамның заманауи рухани-имандылық, әлеуметтік-экономикалық сұраныстарына қажетті деңгейде қызмет етпей отыр. Қылмыстық және қылмыстанымдық заңнаманың рухани-имандылық, саяси-идеологиялық мәні мен әлеуетін тиісті дәрежеге көтеру үшін оның ұлттық реңкін айшықтау қажет.

Өркениеттің мәдени жетістігі ретінде танылатын құқықтың дамуы ұлттың рухани мұрасымен ұштастырыла жүргізілуі оның позитивтік әлеуетін сана тұтастығына, толық адам қалыптасуына ұтымды пайдалануға жол ашады; ол үшін құқықтың музыка, фольклор, әдебиет, поэзия, дәстүр сияқты адам санасына терең әсер ететін құбылыстармен көпқырлы байланыстарын ашу, көрсету керек.

Қайталап айтсақ, отандық қылмыстану ғылымының өзіндік әлпетін қалыптастырып, оның теориялық-тәжірибелік маңыздылығын арттыру үшін бірқатар шаралар жүйесі жүзеге асуы тиіс. Мәселен, қылмыстану саласында еңбек етіп жүрген отандық ғалымдардың ғылыми-зерттеушілік әлеуетін біріктіретін жоба керектігі күн тәртібінде тұр. Егер арнайы қылмыстану ғылыми-зерттеу институты немесе орталық құрылса, онда ол пікір алуандығы мен ғылыми турашылдықты қамтамасыз ету үшін ведомстволық бағыныштылықтан аман болуы керек.

Сонымен бірге қылмыстанымдық проблемалармен айналысып жүрген ведомстволық және жоғары оқу орындары жанындағы ғылыми-зерттеу орталықтары, зертханалар, кабинеттер де қатар жұмыс істей беруі тиіс.

Жалпы қылмыстанымдық зерттеулер мемлекеттік сұранысқа ие болып, оның қаржылай көмегіне сүйеніп, ұзақ мерзімдік мақсатты бағдарламалар аясында жүргізілсе, тиімді болмақ.

Республикалық, аймақтық деңгейлерде қылмыстанымдық өзекті мәселелер төңірегінде ашық та саликалы пікір алмасатын арнайы алаңдар болуы қажет.

Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын, көрсетілетін, жүргізілетін хабарлардың ғылыми негізділігін қамтамасыз еткен жөн.

«Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2010 жылғы 17 тамыздағы № 1039 Жарлығына сәйкес мемлекеттің профилактикалық мазмұнды жұмыстарға жергілікті атқарушы органдарды, денсаулық сақтау мен білім беру салаларын, бәсекелестік ортаны және азаматтық қоғам институттарын тартуға бағыт бұрғаны кездейсоқ емес. Осыны ескере отырып, жалпы қоғамдағы қылмыстанымдық білімді, ал түрлі сала мамандарының қылмыстанымдық біліктілігін көтеру бағытында ұйымдасқан кешенді жұмыстар жүргізілуі керек.

Бұл өз кезегінде әлеуметтану, дінтану, мәдениеттану, педагогика мен медицина, психология, әлеуметтік қызмет және басқа да сала мамандарының қылмыстанымдық даярлығын арттыру қажеттілігін білдіреді. Шетелдік тәжірибеде қылмыстануды пән ретінде заңгерлермен бірге басқа да гуманитарлық мамандық иелері игереді. Тіпті кейбір елдерде ол заңгерлік оқу орындарынан гөрі әлеуметтану, педагогика, медицина оқу орындарына тиісті пән болып саналатын көрінеді.

Сонымен бірге болашақ қылмыстанушылардың, ауытқушы қылық профилактикасы мамандарының дінтанымдық даярлығына, діни алуандық жағдайда жұмыс істеу құзыреттілігіне қойылатын талапты күшейту керек.

Осы жерде Қазақстан халқының діни және этникалық алуандық болмысы бар ортаны ұйытудың және оның баяндылығын қамтамасыз етудің жағымды факторлары, ұлттық дәстүрлердің, халықтың рухани мұрасының қылмыстектілікке кері әлеуеті ұтымды пайдаланылуы тиістігі өзектілене түседі. Бұл қатарда діни танымның орны ерекше екендігі даусыз.

Қоғам мен мемлекеттің күшін позитивтік мақсат пен жасампаздық ынтымақтастық жағдайында біріктіре отырып, біртіндеп бұқараның қылмыстанымдық сауаттылығына, ал қоғамның салауаттылығына қол жеткізуге болады.

Халықтың рухани мұрасы дегенде қазақтың мәдени ой-санасының тұғырлы тұлғасы Абай мұрасын айналып өту мүмкін емес. Мәшһүр Жүсіп соңғы пайғамбардың Мұхаммед екенін біле тұра, Абайдың дәрежесінің қаншалықты жоғары екендігін айтқысы келгендіктен болар, «бұл — біздің

соңғы пайғамбарымыз» [13] деген. Ғылым мен Дін бірлігіне ұмтыламыз десек, Абай мұрасынан алар тәбәрік мол.

Ақпараттық технология маманы Сұлтан Ыбырай: «Әрбір қазаққа Абай болу парыз емес, бірақ Абай сусындаған рухани бастаулар қазақтың ел болып қалыптасуы үшін негізгі алғы шарт, оны Абай «Жиырма бесінші сөзінде» өсиет қылған. Бірінші – ұлттық бастау, мәдениеті, өнері, тарихы, Абайша айтқанда, — «түркітанырлық», екінші — ислам, үшінші — Батыстың ғылымы мен технологиясы. Бұл исламдағы дін мен ғылым егіз деген сөзбен және Құрандағы Алланың «...сондай-ақ бір-бірінді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық», (49:13) деген аятын қуаттайды. «Біз Жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарап танимыз», — «Қырық бесінші сөздегі» бұл сөйлем дүние ғылымынсыз Алланы дұрыс тану мүмкін еместігін көрсетеді. «Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды», — «Оныншы сөз». Бұл жолды іс жүзінде жүзеге асырып жатқан басқа елдер бар, мысалы, малайзиялықтар мен түріктер. Биылғы жылы халықаралық зерттеуші ұйым *Science-Metrix* Иран мен Түркия ғылыми басылымдарының өсу қарқыны бойынша дүние жүзіндегі алғашқы орындарға шыққанын мәлімдеді.

Бір қызығы, кез келген мемлекет немесе адам осы сөзде Абай келтірген үш сипат: әділет, ғылым, мейірімді басшылыққа алса, орасан табыстарға жетеді, әрбір адам құқығы сақталған, ғылымы мен технологиясы дамыған, жоқ-жітігін елеген, ауру-сырқатын ескерген, мүгедек-ғаріпін мүсіркеген елде тұрғысы келеді.

«Бұл үшеуі Жеке тұлғаның ғана ұстанымы емес, жалпы Ұлттық идея негізі, мемлекетімізді ұшпаққа шығаратын, мұратқа жеткізетін қағида» [14] дейді.

Біздің осыған алып қосарымыз жоқ. Жалпы әділет, ғылым, мейірім — Шығыс дүниетанымында, оның ішінде қазақ мәдени ой-санасында ежелден өзек тартып келе жатқан тақырыптар. Сондықтан қазақ дүниетанымындағы Абайға дейінгі, Абай дәуірі, Абайдан соңғы кезеңдегі ой-сана қозғалысын қылмыстану мәселелеріне қатысты біртұтастықта талдап шыққан жөн болар еді. Алайда ол басқа бір кезекте шешілетін нәрсе.

Мақалада қылмыстану және дінтану арасындағы өзара байланыстың барлық мәселесі қарастырылды, оның үстіне түйткіл мәселелер шешілді деуге болмайды. Дегенмен, қылмыстанудың бүгінгі жай-күйіне көңіл толмағандықтан, туындаған сұрақтар төңірегінде мәселе қойылды деуге болады. Күн тәртібіне іліккен мәселенің жауабы бізге Көктен түспес, дегенмен, ізденісті жұмыла жалғастыруға түрткі болар деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Келт.: *Югай Г.А.* Голография Вселенной и новая универсальная философия. Возрождение метафизики и революция в философии. Общая метафизика: Учеб. пособие с хрестоматией. — М.: Крафт+, 2007. — С. 13,14 («Интегральные идеи — в практическую жизнь!» Интервью с пионером интегрального сознания Кеном Уилбером // Вопросы философии. — 2005. — № 11).
2. *Югай Г.А.* Голография Вселенной и новая универсальная философия. Возрождение метафизики и революция в философии. Общая метафизика: Учеб. пособие с хрестоматией — М.: Крафт+, 2007. — 400 с.
3. Қара: *Тайлашев Б.В.* Экология души и проблема преступности // Проблемы преступности: традиционные и нетрадиционные подходы. — М.: Российская криминологическая ассоциация, 2003. — С. 79–84; *Его же.* Душевная энергия человека и преступное поведение // Преступность в изменяющемся мире и проблемы оптимизации борьбы с ней / Под ред. проф. А.И. Долговой. — М.: Российская криминологическая ассоциация, 2006. — С. 415–422; Преступность и духовность. — М.: Российская криминологическая ассоциация, 2008. — 264 с.; *Кондратюк Л.В., Овчинский В.С.* Криминологическое измерение / Под ред. К.К. Горяинова. — М.: Норма, 2008. — 272 с.
4. *Шестаков Д.А.* Криминология: Учеб. для вузов. — 2-е изд., перераб. и доп. — СПб., 2004. — С. 109.
5. *Бачинин В.А.* Секулярная криминология и библейская концепция преступления // Криминология: вчера, сегодня, завтра: Тр. Санкт-Петербург. криминологического клуба. — 2008. — № 2 (15). — С. 164.
6. *Бачинин В.А.* О библейских основаниях семейной криминологии // Криминология: вчера, сегодня, завтра: Тр. Санкт-Петербург. криминологического клуба. — 2008. — № 1 (14). — СПб.: Астерион, 2008.
7. *Касторский Г.Л.* Мировые религии и преступность. — СПб., 2001.
8. *Старков О.В., Башкатов Л.Д.* Криминология. Религиозная преступность. — СПб., 2004.
9. *Антонян Ю.М.* Причины этнорелигиозного терроризма / Криминология: вчера, сегодня, завтра: Тр. Санкт-Петербург. криминологического клуба. — 2006. № 1 (10). — СПб., 2006. — С. 237–246.
10. *Ольков С.Г.* Детерминация девиантного поведения, современная политика и отрицательная девиантность в контексте глобализации // Криминология: вчера, сегодня, завтра: Тр. Санкт-Петербург. криминологического клуба. — 2006. — № 1 (10). — СПб., 2006.